

«Бекітемін»
№1 «Ақерке» балалық-балабақшасының
менгерушісінің міндетін уақытша
атқарушы Н. Санкебаева



Ата-аналар жұмысының жылдық жоспары

Ересек «Ақжелкен» тобы

Тәрбиешілер: Ахметова А
Сермаханова Ғ

Қазалы қаласы 2024-2025 оқу жылы

Ата – аналармен өткізілетін жылдық жұмыс жоспары.

Мақсаты: Балабақшамен ата-ана арасындағы қарым – қатынасты күшейте отырып, отбасында балаға ата – ананың ықпалын арттыру. Бала тәрбиесінде ата – ананың алтын орнының ерекше екенін түсіндіру. Ата-аналармен тығыз байланыста болу.

Р/с	Іс – шаралар тақырыбы	Өткізілу түрі	Жауапты
1	Қыркүйек айы 1.Ата – аналарды. «Кәнеки танысайық» 2024– 2025 оқу-жылының жоспары мен таныстыру 2. Ата – аналар комитетін сайлау.	Ата – аналар жиналысы. 1. Жаңа оқу жылы басталды. Балалардың кун тәртібі, тазалығы. Келісім шарт толықтыру. 3. Баяндама: «Балабақша және отбасы ынтымақтастығы » 4. Ата-анаға кеңес: «Сары ауру туралы түсінік»	1.Топ тәрбиешілері: Ахметова Анар 2. Сермаханова Ғалия Мейіркеш: Ашықбай Сауде
2	Желтоқсан айы 1.«Балалар – біздің болашағымыз» 2. Диагностикалық зерттеудің қорытындысы. I- жарты жылдық қортынды.	Ата-аналар жиналысы. 1-жарты жылдық есеп беру 2. Өр түрлі мәселелер 3. Баяндама: «Бала мінезінің қырлары» 4.Кеңес:«Мектеп жасына дейінгі балалардың психологиясының ерекшеліктері»	1.Топ тәрбиешілері: Сермаханова Ғалия 2.Баяндамашы: Ахметова Анар
3	Ақпан айы 1. « Бала тәрбиесіндегі ата – ананың рөлі » 2. «Тәрбие отбасынан басталады » Компьютерлік ойында ойнауды бала күніне 20 минуттан асырмауы тиіс 3. Алда келе жатқан мерекелер жайында ойластық.	1.Ата-аналармен дөңгелек үстел 2.Әңгіме: « Ата-ана үлгісі үлкен сабақ» 3.Кеңес: Көзі нашар көретін балалар туралы ата – аналарға кеңес	Тәрбиешілер: Ахметова Анар Сермаханова Ғалия
4	Мамыр айы 1. II- жарты жылдық қортындысы. 2. Жылдық жоспар бойынша қорытынды. 3. Жазғы сауықтыру – шынықтыру шараларына дайындық.	Ата-аналар жиналысы. 1.Мамыр мерекелерімен құттықтау 2. Жыл бойы өткізілген жұмыстарға есеп беріп жылды қорытындылау. 3.Баяндама «Бала денсаулығын сақтауда отбасының рөлі» Ата-аналар комитетінің есебі.	Тәрбиешілер: Ахметова Анар Сермаханова Ғалия



Тақырыбы: «Балабақша және отбасы ынтымақтастығы»

«Ақжселкен» ересек тобы

Тәрбиешілер: Сермаханова F

Ахметова Анар

2024-2025 оқу жылы

Тақырыбы: «Балабақша және отбасы ынтымақтастығы»

Қазіргі заман талабында отбасы баланың оқу тәрбиесіне араласу қажеттілігі айтылған. Сондықтан ата-ана мен балабақша арасындағы ынтымақтастықты дамыту өзекті мәселе боп отыр. Ата – анамен балабақша ынтымақтастығы, баланы оқыту мен тәрбиелеудегі – баршаның ісі. Отбасының да, балабақшаның да мақсат – мүддесі біреу – ол болашақ ұрпақ тәрбиесі. Болашақ азамат тәрбиеленетін алғашқы ұя – отбасы, ата-ана құшағы. Жас сәбидің алғашқы еститіні анасының мейірбан сөзі; көретіні анасының аялы алақаны. «Ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» немесе «Әке көрген оқ жанар, ана көрген тон пішер» дегенде осының айғағы. Яғни, ата – анасының өнегесі, өнері балаға үлгі болатыны, бала үйде қандай игі істерге тәрбиеленсе ұядан ұшқанда да сол өнеге – өсиет оған сарқылмас қазына болары сөзсіз. Ғабидден Мұстафин айтқандай «ата – ана қадірін білген бала халық қадірін білер, халық қадірін білген бала ата – ананың да қадірін біледі. Ол үшін өз халқының дәстүрін мәдениетін, өнерін, тілін қадірлеуді ата – ана және ұстаз боп үйрету керек». Ендеше «жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші отбасы балабақша бірлесе ынтымақтаса отырып, оқу тәрбие жұмысын мақсатты жүргізсе, елдің, халқының дәстүрін сыйлайтын ұлтжанды жеткіншек өсіру мақсатымыз еселі өтелері сөзсіз. Болашақ ұрпақ тәрбиесін іске асырып отырған кез – келген мекеме үшін отбасымен жұмысты тиісті дәрежеде ұйымдастырудың маңызы өте зор. Себебі, отбасы баланың түпкі тамыры болмысын қалайтын мекен. Сондықтан да балабақшаның оқу – тәрбие жұмысында ата – аналармен жұмысқа ерекше мән беріледі. Сол себепті мен ата – аналармен жұмысқа үлкен көңіл бөлемін. Көздеген мақсатым: балабақшамен отбасындағы ынтымақтастықты біріктіре отырып оқу және тәрбиелеу жүйесін ұйымдастырып, әр баланы жеке тұлға ретінде қазіргі заман талабына сай рухани жан дүниесін байытып, бойындағы құндылықтарды дамыту. Балабақша мен ата – ана арасындағы ынтымақтастықты құру. Алдыма қойған міндеттерім:

1. Ата – аналарға балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес педагогикалық кеңес беру.
2. Балабақшадағы іс – шараларға ата – аналарды қатыстыру.
3. Ата – аналарды балабақша өмірімен қызықтыру.
4. Үлгілі ата – аналарды насихаттау.
5. Ата – аналар бұрышын жасау.
6. Ата – аналармен біріге отырып құрылған оқу – тәрбие жоспарын жасау.
7. Балаларды дамытудың диагностикасын жасау.
8. Күнделікті оқу – тәрбие жұмысына ата – аналарды тару.

Алдыма қойған міндеттерімді іске асыруда мынадай іс – әрекеттерді ұйымдастырдым:

Тәрбиешінің жүргізген жұмысынан хабарлы болу үшін ата – аналарға топта «Сіздер үшін ата – ана» бұрышын жасадым. Онда ата – аналар «Бізбен бірге оқыңыз» айдарынан күнделікті жүргізілген тәрбие жұмыстары бойынша толық мағлұматтар алады. Сонымен қатар балабақша күн тәртібімен танысады. Сонымен бірге әр тоқсан сайын «Ашық есік күндері» ұйымдастырылады. Мұнда ата – ана баласының жетістіктерін немесе қиындықтарын көреді, жәнеде балада қиындық тудыратын мәселелерді, үйде ұйымдастыру бойынша тәрбиешіден әдістемелік нұсқаулар, дидактикалық ойындар пайдаланатын әдебиеттер секілді кепілдемелер алады.

Сонымен қатар топта «Ата – аналармен байланыс почтасы» ұйымдастырылған, онда ата – аналар өзіне маңызды сұрақтардың жауабын тәрбиешіден жазбаша түрде алады. «Ғажайып алаң», «КВН», «Жүлдегер отбасы» топтар арасындағы отбасылық жарыстар ұйымдастырылады. Қазіргі кезде мектеп жасына дейінгі балаларға тәрбие ісін ары қарай жетілдіру отбасымен балабақшаның бірлескен жұмысын дамыта және нығайта түсу

арқылы жүзеге асады. Келесі ата – аналармен ұйымдастырылған «Шебер қолдар үйірмесі» жұмыс жасайды. Бұл үйірмеде ата – аналар оқыту тәрбиелеу жұмыстарына декорация жасауға атрибуттар дайындауға, сюжеттік ролдік ойындарға бутафориялар, ертегілерді сахналауға бетперді жасауға ат салысады. Мұндағы көздеген мақсатымыз: балабақшаның оқу – тәрбие іс – әрекеті мәселесіне ата – аналар көңілін аудару. Педагогикалық үрдісті жабықтауға, қазақ халқының мәдениетін, дәстүрін танып білуге белсенді қатысуын дамыту. Дегенмен, отбасымен жүргізілген жұмыстар үздіксіз өзгерістерді қажет етеді. Себебі, бүгінгі күннің ата – аналары жаңа заманның озық технологиялардың адамдары. Сол себепті ата – аналармен Кітапхана – медиохана жұмыс түрі ұйымдастырылды. Ата – аналармен ұйымдастырылған бұл жұмыста ақпараттық технологияларды қолдану әдісі арқылы ұйымдастырылған. Бұл жұмыс түрі тіл дамыту, сауат ашу, айналамен таныстыруды меңгеру бойынша ойындар және жаттығулары бар кітаптар жиынтығы. Балалар көркем әдебиеттері (өлең, тақпақ, ертегілер). Дыбыстарды дұрыс дыбыстауға байланысты дыбыстық кітаптар топтың бейнетапса тұсаукесері. Тақырыптық слайд — шоу. Ертегілер, тақпақтар, өлеңдерді электрондық түрде ала алады. Ата – аналармен бұл жұмыс тіл мәдениетін, сауат ашу, айналамен таныстыруды жетілдіруге көмегін тигізуде. Мереке ойын – сауықтарда «Сүйінші», «Пашу», «Бесікке салу», «Тұсау кесер» салт – дәстүрлерді сахналандырып көрсетілді. Бұл ұйымдастырылған шаралар әр отбасында қазақтың салт – дәстүрін, әдет — ғұрыпын рухани қуат мемлекетіміздің келешегі ретінде бағалай білуіне жұмылдырылған. Жоғарыда аталған жұмыстардың барлығы бүгінгі күні біздің мекемемізде кенінен қолданылды. Әрине бүгінгі таңда бұл жұмыстар өз нәтижелерін беруде. Осыдан бірнеше жыл бұрынғы ата – аналар үшін балалардың уақытылы тамақтануы, қаралуы ғана маңызды болса, бүгінгі ата – аналар үшін аталған шарттармен қатар баланың сапалы білім мен саналы тәрбиемен қамтамасыз етілуі де аса маңызды. Сондықтан ата – аналар қауымын мекеме жұмысымен таныстырудың бірден – бір жолы оларды мекеме жұмысына, яғни бала тәрбиесіне белсендіре араластыру болып табылады. Ал ол үшін ата – аналарды мекемеде жасалып жатқан жұмыстарға қызықтыра білуі қажет. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға бірдей білім беру стандартына сүйене отырып, мектеп жасына дейінгі балаларға жан – жақты тәрбие беру мен дамыту мәселесін балабақша жоспарлы түде шешеді, отбасына педагогикалық көмек бере отырып белгілі бір жетістіктерге жетеді. Олай болса бүгінде ата – анамен балабақша бірлесе отырып, балаларды оқу мен тәрбиеге баулуда жаңа заманның тұлғасы етіп тәрбиелеп шығару үшін отбасымен балабақша бірлесе отырып ат салысудамыз.

Қазақстан Республикасының
Білім және Ғылым Министрлігі
№1 «Ақерке» балабақшасының
Менеджері Г.Жусупова



Баяндама

Тақырыбы:

«Сары ауру, жұқпалы ауру»

«Ақжелкен» ересек тобы

Тәрбиешілер: Сермаханова F

Ахметова Анар

2024-2025 оқу жылы

Тақырыбы: «Сары ауру, жұқпалы ауру».

Вирусты гепатит жиі кездесетін жұқпалы аурулардың бірі. Негізінен бауыр зақымданып, зат алмасуы бұзылып, денесінің сарғаюымен қатар басқа да клиникалық көріністері ұқсас вирусты аурулар болып табылады.

Қоздырғышы: жай микроскоппен табылмайтын вирус. Оның 4 түрі бар: «А» вирусы, «В» вирусы, не «А» не «В» емес вирус, Дельта-вирус.

Эпидемиологиясы:

1. Ауру көзі – ауру адам және қоздырғыш вирус тасымалдаушы.
 2. Аурудың таралу жолдары – «А» вирусы-фекальды-оральды жолмен: «В» вирусы дұрыс тазартылып залалсыздандырылмаған медициналық құрал-жабдықтар (шприц, инелер т.б.), қан арқылы; не «А» емес не «В» емес вирус – ауыз арқылы да, қан арқылы да, тыныс жолымен де таралады; Дельта-вирус әлі зерттелуде.
 3. Төзімділік (сезімталдық) – «А» гепатитімен 6-15 жас аралығындағы балалар, «В» гепатитімен көбіне 1 жасқа дейінгі балалар жиі ауырады.
 4. Маусымдылық – «А» гепатиті күз-қыс айларында жиі кездеседі. «В» гепатитіне маусымдылық тән емес.
 5. Иммунитет – тұрақсыз, әр-түрлі вирусқа бөлек.
- Аурудың даму механизмі – қоздырғыш қанға өтеді де, қан ағымымен бауырға жетеді. Осы жерде өсіп-өніп, ұлы заттар бөліп шығарады, бауыр клеткаларын зақымдайды, бұл зат алмасуының бұзылуына әкеліп соқтырады, бауыр клеткаларының токсиндерге (уыттарға) қарсы қызметін нашарлатады.

Клиникалық белгілері:

Аурудың барысы 4 кезеңге бөлінеді:

Инкубациялық немесе жасырын кезең – «А» гепатитінде 14-50 күн, «В» гепитінде 50-180 күн. 2. Бастапқы немесе сарғаюға дейінгі кезең ұзақтығы бірнеше күннен 2 жұмаға созылады; баланың жалпы жағдайы бұзылады – шаршағыш болып, тәбеті төмендейді, денесінің қызуы көтеріледі, кекірік пайда болады, буындары сырқырап, бауыр тұсы ауырады, жүрегі айнып құсуы мүмкін. Осы белгілермен қатар аурудың ерте білінетін белгілерінің бірі – зәр түсінің қоңырқай тартып сыра түстес болуы, ал үлкен дәретінің түсі жайылып ағара бастауы да мүмкін.

Аурудың өрістеу кезеңі немесе сарғаю кезеңі – ұзақтығы 2-3 апта. Көздің, ауыздың

шырышты қабытының, таңдайдың, терінің сәл сарғыштан қою сары түске дейін боялуымен сипатталады. Бауыры мен көк бауыры ісіп денесінде қызарған бөртпелер пайда болады. Кейде мұрнынан, қызыл иегінен қан кетіп, денесі қышиды, зәрінің түсі қоюлана түседі. Қанның биохимиялық анализінде биллирубин көрсеткіші жоғары көтеріліп (нормада-20 ммоль) тимол көрсеткіші (4 ед), АЛТ көрсеткіші (0,68 ммоль) жоғары көтеріледі. Аурудың аяқталу кезеңі – бауырдағы қабыну процесі азайып, оның қызметі ретке келеді: баланың жалпы жағдайы жақсарып, зәрінің және нәжісінің түсі дұрысталады. Бауырдың ісігі азайып, сарғаю кетіп, анализдері қалпына келеді. «В» гепатиті көбіне ауыр өтеді: жалпы жағдайы қатты өзгереді, денесі қатты сарғайып, қандағы биллирубин мөлшері өте жоғары болады. Кейде ауру бірнеше рет қайталанып, созылмалы түріне айналады. Ал созылмалы гепатит бауыр циррозына айналуы мүмкін. Асқынуы: бауыр клеткаларының некрозға ұшырауы салдарынан бауырдың желел дистрофиясының дамуы. Бұл асқыну бауыр комасына жалғасады – балада әлсіздік, қатты бас ауыруы, тәбеттің жойылуы, қайтара құсу, бауыр тұсының ауырсынуы, бауырдың көлемінің тез кішірейіп кетуі, мұрын мен қызыл иектен, ішектен қан кетуі байқалады. Ауру баланың ақыл-есі тұманданып, біраздан кейін ұйқы басып кома дамиды. Адамның демінен бауыр иісі шығады. Бұл асқыну көбіне науқастың өліміне әкеліп соғады.

Емі:

1. Ауру баланы міндетті түрде ауруханаға жатқызу қажет. 2-3 аптаға төсек режимі тағайындалады.
 2. Диета-№5 стол: сүтке пісірілген тағамдар, айран, сүзбе, ірімшік, суға немесе бұта пісірілген майсыз сиыр еті, балық, құс еті, жеміс-жидек, көкөніс тағамдары, бал, шырындар.
Ауру балаға қуырылған майлы, ащы, тұзды, қақталған, ысталған, сірке қосылған тағамдар пайдалануға болмайды.
 3. Детоксикалық терапия – ауыз арқылы және венаға 5% глюкоза ерітіндісі, гемодез, Рингер ерітіндісі, физиологиялық ерітінділерді құюға болады.
 4. Витаминдер комплексі.
 5. Өт айдайтын дәрілер.
 6. Өте ауыр жағдайда гармондар тағайындалады.
 7. Физиотерапиядан: УВЧ, парафин, озокерит пайдаланылады.
- Күтімі: Бөлмеде таза ауаның жеткілікті болуы, баланың терісінің және шырышты

кабаттарының тазалығын, төсекке көп қимылды керек қылмайтын ойындармен ойнауын, диета сақтауын қадағалау.

Алдын алу:

1. Ауру адамды оңашалау.
2. СЭС-ке №58 форма бойынша хабар беру.
3. Ауру адаммен қарым-қатынаста болған адамдарды жасырын кезең біткенше бақылауға алып, зәрін және қанын биохимиялық анализге тексеру.
4. Ауру ошағын дезинфекциялау (үйіндегі ыдыс-аяқтары, төсек-орын, құрал-жабдықтары, киім-кешегі 3% хлорамин ерітіндісімен залалсыздандырылады).
5. Донорларды тексеру.
6. Ауру адамдарды бір рет қолданылатын медициналық құрал жабдықтармен қамтамасыз ету.
7. Санитарлық-ағарту жұмысын жүргізу.

Арнайы алдын алуы: вакцинация 1-ші күні, 2,4 айлығында 0,5мл б/е.

Құрметті оқырмандар! Адамның денсаулығы – қоғам байлығы. Әрбір адам өз денсаулығының мықты болу жолдарын қарастыруы керек. Дені сау адамның көңіл-күйі көтеріңкі болып, еңбекке құлшынысы артады. Халқымыз «Дені саудың – жаны сау» деп орынды айтқан. Сондықтан таңдауларыңыз – салауатты өмір салтын сақтау. Дені сау адам – табиғаттың ең қымбат жемісі. Салауаттылық – саулық кепілі, ал саулық – байлық негізі.

Хаттама

20.12.2024ж

«Ақжелкен» ересек тобы

Қатысқаны: 17

Қатыспағаны: 3

Күн тәртібінде:

1. Жаңа жыл мерекесіне дайындық.

2. Баяндама «Бала мінезінің қырлары»

Тындалды:

Ата-аналармен төтенше жағыдайға байланысты онлайн түрде жиналыс өткізілді.

1. Тәрбиеші **Ғ Сермаханова** Ата-аналарға Жаңа жыл мерекесінің ертеңгілігіне сай киімдерін дайындауларын айтып өтті.

2. Тәрбиеші **А Төлегенова** «Бала мінезінің қырлары»

тақырыбында баяндама оқыды. Жарыс сөзге шыққан ата-аналар баяндама мазмұнының дұрыс айтылғанын айтты.

Шығып сөйлегендер: Ата-аналар балаларын дайындауға қарсы еместігін қолдарынан келетін көмегін беретіндігін айтты.

Ата-ана **Бекмұрат Назым** «Бала мінезінің қырлары»

тақырыбында оқыған баяндама мазмұны дұрыс айтылғанын айтты.

Қаулы:

1. Ата-аналарға Жаңа жылдың мерекелік ертеңгілігіне сай киімдерін дайындау

2. Баяндама қанағаттандырулық бағалансын.

Жиналысты жүргізген:



Ғ Сермаханова

Хатшы:



А Төлегенова

№1 «Ақжеле» балалар бағдарламасының
Менеджері: *Г.Жусупова*



Баяндама

Тақырыбы: «Бала мінезінің қырлары»

«Ақжелкен» ересек тобы

**Тәрбиешілер: Сермаханова Г
Ахметова Анар**

2024-2025 оқу жылы

Бала еркін тәрбиелеген абзал, бірақ «тым еркелетпеу қажет» дейтіндер де бар. Бала тәртіпке бағынуы керек, бірақ құр бұйыра беруге де болмайды. Десе де, бала тәрбиесінде баланс сақтау қажет екенін естен шығармаған жөн.

Мағжан Жұмабаев мінезді тәрбиелеуде екі жақты тең ұстауды былай түсіндіреді:

Балада берік һәм дұрыс мінез пайда болу үшін тәрбиеші мына негізгі екі шартты орындау керек:

- 1) Баланың шамасы жететін кез-келген істе толық еркіндік беру. Басқаның күшіне, көмегіне сеніп кетпей, өз қолынан келмейтін шаруада ғана тәрбиеші көмек көрсетіп жіберуге міндетті.
- 2) Баланы құбылмайтын, ұсақтықпен қажытпайтын темір тәртіпке (дисциплина) бағындыру керек. Баланы еркіне жіберу оны ерлікке, батырлыққа үйретсе, темір тәртіпке бағындыру оны пыдамдылыққа, табандылыққа үйретеді. Осы екі жағы тең адамның мінезі күшті болмақ. Баланы тіпті еркіне жібермеу оны жасқаншақ, жасық, қорқақ қылады. Ал тізгінсіз қоя беру, ләм-мим демей бар еркелігін орындай беру баланы бейбастақ, ессіз тентек қылып шығарады.

Осы екі жақтың біреуіне аударып жібермей, баланы ортада ұстай білу үшін тәрбиеші мынаны істеу керек:

- 1) Балаға бір нәрсені істе дегенде ақырмай-бақырмай, салмақпен һәм былай да жарайды деген сықылды табансыздық көрсетпеу керек. Тәрбиешінің табансыздығын сезсе, бала оны сыйлаудан, тілін алудан қалады. Тәрбиеші өз ісінде тиянақты, табанды болу керек. Бала адам айтар емес, еліктемпаз болады. Тәрбиеші тиянақты болса, бала оның тиянақтылығына еліктейді. Тәрбиеші тиянақсыз болса, бала оның тиянақсыздығына еліктейді.
- 2) Балаға бір нәрсені істе дегенде де, істеме дегенде де сол бұйрықтың себебін ұққандай қылып балаға ұқтырып отыру керек. Себебін ұқса біраздан соң бала өз бетімен-ақ дұрыс іске ұмтылып, теріс істен тыйылатын болады. Ерінбей, жалықпай балаға әрбір істің себебін ұқтыра беру керек. Мәні-жайын ұқтырмай, құр бұйрық беруші адам – тәрбиеші емес. Данышпан Абай: «ұстаздық қылған жалықпас үйретуден балаға. Тәрбиеші баланың қаһарлы қожасы болмасын, жұмсақ жолдасы болсын» деген екен.

Мағжан Жұмабаев мінезді тәрбиелеуде екі жақты тең ұстауды былай түсіндіреді:

Балада берік һәм дұрыс мінез пайда болу үшін тәрбиеші мына негізгі екі шартты орындау керек:

- 1) Баланың шамасы жететін кез-келген істе толық еркіндік беру. Басқаның күшіне, көмегіне сеніп кетпей, өз қолынан келмейтін шаруада ғана тәрбиеші көмек көрсетіп жіберуге міндетті.
- 2) Баланы құбылмайтын, ұсақтықпен қажытпайтын темір тәртіпке (дисциплина) бағындыру керек. Баланы еркіне жіберу оны ерлікке, батырлыққа үйретсе, темір тәртіпке бағындыру оны пыдамдылыққа, табандылыққа үйретеді. Осы екі жағы тең адамның мінезі күшті болмақ. Баланы тіпті еркіне жібермеу оны жасқаншақ, жасық, қорқақ қылады. Ал тізгінсіз қоя беру, ләм-мим демей бар еркелігін орындай беру баланы бейбастақ, ессіз тентек қылып шығарады.

Осы екі жақтың біреуіне аударып жібермей, баланы ортада ұстай білу үшін тәрбиеші мынаны істеу керек:

- 1) Балаға бір нәрсені істе дегенде ақырмай-бақырмай, салмақпен һәм былай да жарайды деген сықылды табансыздық көрсетпеу керек. Тәрбиешінің табансыздығын сезсе, бала оны сыйлаудан, тілін алудан қалады. Тәрбиеші өз ісінде тиянақты, табанды болу керек. Бала адам айтар емес, еліктемпаз болады. Тәрбиеші тиянақты болса, бала оның тиянақтылығына еліктейді. Тәрбиеші тиянақсыз болса, бала оның тиянақсыздығына еліктейді.
- 2) Балаға бір нәрсені істе дегенде де, істеме дегенде де сол бұйрықтың себебін ұққандай қылып балаға ұқтырып отыру керек. Себебін ұқса біраздан соң бала өз бетімен-ақ дұрыс іске ұмтылып, теріс істен тыйылатын болады. Ерінбей, жалықпай балаға әрбір істің себебін ұқтыра беру керек. Мәні-жайын ұқтырмай, құр бұйрық беруші адам – тәрбиеші емес. Данышпан Абай: «ұстаздық қылған жалықпас үйретуден балаға. Тәрбиеші баланың қаһарлы қожасы болмасын, жұмсақ жолдасы болсын» деген екен.



Тәрбие отбасынан басталады.

Бұл іс-шараны дәстүрді бала жақсы қарым-қатынасты қалыптастыру негізінде отбасы мүшелеріне деген құрмет пен сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелеуге қарастырылады. Сонымен қатар ата-аналарды балабақша өміріне тартып бірге бірлесе жұмыс жасауға әртүрлі тәсілдер көрсетілген. Мақсаты: балалармен, ата-аналармен бірлесіп белсенді жұмыс жасау. Отбасылық дәстүрге деген құрметті қалыптастыру.

Міндеттер:

- отбасылық дәстүрге, отбасына деген баланың жақсы қарым-қатысын қалыптастыру.
- шығармашылық қабілетін дамыту.
- отбасы мүшелеріне деген құрмет пен сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

Алдын ала жұмыс:

1. Топты безендіру:
2. Музыкалық сүйемелдеу.
3. Түймедағынан жасалған сұрақтар.
4. Жұмыс істеу үшін керекті материалдарды дайындау.

(Музыка әуенімен жанұя туралы өлең жолдары оқылады)

Модератор: Сәлеметсіздер ме, құрметті ата-аналар! Бүгін біз баланы тәрбиелеу мен дамытудағы отбасылық дәстүрлердің, тәрбиенің алатын орны туралы пікір талас өткізіп, өздеріңіздің тәжірибелеріңізбен бөліспекшіміз.

Отбасылық дәстүрлер – әр шаңырақтың рухани атмосферасы, оның өз күн тәртібі, дәстүрі, өмір ағымы мен дағдылары бар.

Отбасы-әр адамның алтын ұясы. Отбасында ата-аналар ұлға үйдің күрделі, үлкен жұмыстарын үйретеді. Қызға тамақ істеу, үй ұстау дағдыларын қалыптастырады. Отбасында ата-аналар балаларын жақсы тәрбиелеу үшін ұлттық дәстүрлерді бұзбай ұстауға тырысады. Отбасымен бірге ұлттық тағамдар әзірлеуді, шет тілдерін үйретуді үйренуді қалыптастыруды үйрету керек. Сенбі күні балаларымен отбасылық сұхбат құрып, кітап оқу, теледидар арқылы жаңалықтармен танысып отыру керек.

Отбасындағы сенімділікті сақтау – ол да бір жақсы дәстүр. Сенімділік – ол бір-бірімен кез келген тақырыпта, тіпті ең күрделі сұрақ болса да, тікелей әрі тұра талқылау. Бала өмірі – бұл үлкен әлем. Кішкентай бүлдіршінге осы әлемге кіруге көмектесу үшін «сенім» деп аталатын сиқырлы кілт керек. Ал енді өз отбасылық дәстүрлеріңізбен бөліссеңіздер?

(Ата-аналардың өздерінің отбасылық дәстүрлері туралы әңгімесі)

— Қалай ойлайсыздар, отбасындағы балалар мерекесі жақсы дәстүр ме? Олар біздің балаларымызға керек пе? (Ата-аналардың жауабы)

Модератор: Иә, баланың жан-жақты дамуы үшін мереке ауадай керек. Бала үшін мереке – бұл бала өміріндегі үлкен оқиға, бала өз өмірін мерекеден мерекеге дейін санайды, ал біз үлкендер бір маңызды оқиғадан екінші маңызды оқиғаға дейінгі уақытты санаймыз. К.Д.Ушинский: «Егер бала өмірінен мерекені алып тастасақ, балалық шақ әрі көмескі болатын еді», — деген.

Сұрақ-жауап.

Менің қолымда түймедағы гүлі, әрбір гүл жапырағынды талдауға арналған сұрақтар жазылған. (Ата-аналар жапырақтағы сұрақтарды оқып, жауабын барлығы бірге талдайды).

Модератор: Бала үшін мереке — бұл жақсы отбасылық дәстүр. Жұмбақтар, викториналар, танымдық ойындар – балаланың ақыл-ойын дамытады. Үйде мереке болатын болса, сыйлықтар дайындап, бөлмені әшекейлеп, жинастырып, жуу – міне, бала өміріне еңбек осылайша кіреді. Ал егер біз ән айтып, сурет салып, тақпақ айтсақ ән тыңдасақ, біз балаларымызды эстетикалық тұрғыда тәрбиелей аламыз ба?

Модератор: Ал қазір бірнеше минут ішінде саусақ театрын жасауға болатынын тамашалалаңыздар. Осындай затты жасай отырып, сіз баланың махаббатына ие боласыз, сонымен

қатар өзіңіздің балалық шағыңызды есіңізге түсіресіз.

(Оригами техникасымен жасалған жұмыстарды орындау – мысық, ит, бақа, т.б.)

Модератор: Көрдіңіздер ме, оп-оңай! Отбасы – ұжым. Отбасы баланың бойындағы бар жақсылық, қайырымдылық негізі. Отбасында отбасылық дәстүрге деген құрмет пен сүйіспеншілік пайда болады. Балаларыңызды жақсы көріңіздер, олардың пікірін, тілегін құрметтендер. Балалармен дос болыңыздар!

Құрметті ата-аналар! Жұмыстарыңызды жиып қойып баланы өзіңізге жақындатыңыз, құшақтаңыз. Психологтардың айтуынша, бала өзін бақытты сезінуі үшін, оны күні бойы жеті рет басынан сипап, құшақтап, мақұлдап, яғни өзіңе жақындатып: «Мен сені жақсы көремін» деп айту керек. Сондықтан отбасындағы жақсы тәрбие, халық даналығында айтылғандай: «... бұл біздің бақытты қарттығымыз, жаман тәрбие – бұл біздің болашақ қайғымыз, көз жасымыз».

Модератор: Ал енді сіздің балаңыздың туған күнін тойлау туралы сөз етейік:

Өзекті жағдай: Екі баланың анасы кездесіп, сөйлеседі. «Менің баламның екі күннен кейін туған күні, достарын шақырсам бе деп едім, салат жасап, бәліш пісіріп, музыка қоямын. Мәз-мейрам боп тойласың» — деп біреуі қуанышымен бөліседі. «сол ғана ма?» — деп сұрайды. «Маған қандай ақыл қосасың? Олардың алдында сайқымазақ болуым керек пе?»

Осындай жағдай сізде болды деп ойлайық, сізден ақыл сұрайды. Сіз қандай ақыл берер едіңіз? Егер үстелде тек бәліштер, торт, салаттар ғана болып, музыка қойса, туған күн қызықты болады ма? Ол баланың есінде қалады ма? Баланың туған күнін қалай атап өту керек? Сіздің отбасыңызда қандай қызықтар болды?(Тәжірибемен алмасу)

Сергіту сәті: «Халық даналығы»

Үстелдің үстінде отбасы туралы мақал-мәтелдер кесілген күйде жатады. Осы бөліктерден мақалдарды құрасытру керек.

Балалаы үйдің сыры жатпайды.

Ұл мен қыз – көздің нұры.

Отан отбасынан басталады.

Тай өссе ат тынығады,

Ұл өссе, әке тынығады.

Рефлексия:

— Балалар сіздерге өздерінің сыйлығын дайындап қойды – ол баланың өз алақандары. Ал сіз әр саусаққа балаңызды қалай еркелетіп атайтыңызды жазыңыз!

Сіздерге «Сөйлемді аяқта» ойынын ұсынамыз.

Ыдыстан түрлі түсті қарындашты алып, оралған қағазды жазып, мұқият оқыңыз, бос жеріне сөйлемнің соңын аяқтап жазыңыз, ол ... үйренеді деген сөзді жалғастырыңыз.

1. Балаға әркез сын айтады, ол ... (жек көруді) үйренеді.
2. Бала өшпенділікте өмір сүреді, ол ... (агрессивті болуға) үйренеді.
3. Баланы үнемі жазғырады, ол ... (өзін кінәлі сезінуге) үйренеді.
4. Бала шыдамдылықпен өсіп келеді, ол ... (басқаларды түсінуге) үйренеді.
5. Баланы мадақтайды, ол ... (мәртебелі болуды) үйренеді.
6. Бала адалдықта өмір сүреді, ол ... (әділетті болуға) үйренеді.
7. Бала қауіпсіз өмір сүреді, ол ... (адамдарға сенуді) үйренеді.
8. Баланын қолдайды, ол ... (өзін бағалауға) үйренеді.
9. Баланы келемеждейді, ол ... (тұйық болуды) үйренеді.
10. Бала түсіністік пен достықта өмір сүреді, ол ... (әлемде сүйіспеншілікті табуға) үйренеді.

Ата-аналарға арналған ұсыныстар.

«Біздің отбасылық альбом»

Балаға өз балалық шағыңыз туралы айтыңыз. Баламен бірге отбасылық альбомды қараңыз. Ескі фотосуреттерде кімнің бейнесі екендігін айтыңыз, ол балаға кім болып келетінін айтып түсіндіріңіз.

«Ата-ананың балалық шағы»

Балаңызға балалық шағыңызда қандай ойындар ойнағаныңызды, сол кездегі ойындарды айтыңыз, Өз мектебіңіздің, үйіңіздің, аулаңыздың суретін тауып алыңыз. Өз балалық шағыңыздағы бөлме мен балаңыздың бөлмесін салыстыруға тырысыңыз.

«Отбасылық қастерлі зат»

Балаға отбасы туралы, атаңыздың медалі, ордендері, ескі құмыра, ыдыстар туралы әңгімелесіңіз.

«Біздің отбасының тарихы»

Балаңызды сіздің отбасыңыздың тарихымен таныстырыңыз. Ата-әжереліңіз, әке-шешелеріңіз қайда тұрғаны, қай қалада қалай кездескендері туралы айтыңыз.

«Өмірден алынған қызықты оқиғалар»

Сіздер баланы қалай күткендеріңізді, қандай есім қоятындарыңыз туралы естеріңізге түсіріңіз.

Баланың бір-екі жастағы өмірінен қызықты оқиға айтыңыз, оның суреттерін бірге қарастырыңыз.

Жеті атаны суреттеуге тырысыңыз, ол жерге туғандарыңыздың суреттерін жапсырыңыз.

Қорытындысы:

Құрметті ата-аналар!

Сіздің балаңыздың қандай болып өсетіні тек сізге ғана байланысты. Балабақша мен біз, тәрбиешілер, күрделі жағдайдан шығатын жол табу үшін ғана көмек бере аламыз. Алайда сіздің есіңізде болсын, баланың жеке тұлғасының қалыптасуына сіздің шынайы әрекетіңіз бен сіздің міне-құлқыңыз үлкен әсер етеді. Өз балаңызға үлгі болуға тырысыңыз!

Ата-аналар жиналысының хаттамасы

«Ақжелкен» тобы

06.02.2024ж

Қатысуга тиісті: 20

Қатысқандар: 15

Себепті: 5

КҮН ТӘРТІБІНДЕ

1. « Бала тәрбиесіндегі ата – ананың рөлі » Ата-аналармен дөңгелек үстел

« Ата-ана үлгісі үлкен сабақ»

2. «Тәрбие отбасынан басталады» Компьютерлік ойында ойнауды бала күніне 20 минуттан асырмауы тиіс:

Кеңес: Көзі нашар көретін балалар туралы ата – аналарға кеңес

Тыңдалды

1. Тәрбиеші: баланың дұрыс дамып жетілуі үшін денсаулығына көңіл бөлігіп, бала тәрбиесіндегі ата – ана баса назар аударылу қажеттігін айтты. Ата-аналар өз ойларын ортаға салды.
2. Компьютерлік ойында ойнауда бала күніне шектеулі уақытпен қарап ойнауға кеңестер берілді.

Жоғарыда аталғандардың негізінде қаулы етті.

1. Ата-аналар мен тәрбиешілер бірлесіп жұмыс жасасын.
2. Мәдени-гигиеналық шаралардың орындалуын мақсат етілсін.

Ата-аналар жиналысының төрайымы:

 Ахметова Анар

Хатшысы:

 Сермаханова Ғалия



Баяндама
***Тақырыбы: “Бала денсаулығын
сақтауда отбасының рөлі”***

“Ақжелкен” ересек тобы

Тәрбиеші: Сермаханова F

2024-2025 оқу жылы

Баяндама

Тақырыбы: «Бала денсаулығын сақтауда отбасының рөлі»

Адам өміріндегі ең қымбат байлық – денсаулық. Баланың дені сау, ақылды, тәрбиелі болып өсуі ең алдымен отбасындағы тәрбиеге байланысты. Отбасы – баланың алғашқы тәрбиелік ортасы. Бала кішкентай кезінен бастап ата-анасының жүріс-тұрысын, сөйлеген сөзін, күнделікті әдетін көріп өседі. Сондықтан бала денсаулығын сақтауда отбасының рөлі өте маңызды.

Баланың денсаулығы дұрыс тамақтанудан басталады. Үй жағдайында бала уақытылы әрі пайдалы тағамдарды қабылдауы керек. Көкөніс, жеміс-жидек, сүт өнімдері мен дәрумендерге бай тағамдар баланың иммунитетін күшейтеді. Ал фастфуд, газды сусындар мен тәтті тағамдарды шамадан тыс пайдалану баланың ағзасына зиян келтіреді. Осыған байланысты ата-аналар баланың тамақтану мәдениетіне ерекше көңіл бөлуі қажет.

Сонымен қатар күн тәртібін сақтау да – денсаулық кепілі. Бала уақытында ұйықтап, уақытында оянып, демалыс пен оқу іс-әрекетін дұрыс үйлестіре білуі керек. Таза ауада серуендеу, дене шынықтыру жаттығулары, спортпен айналысу баланың физикалық дамуын жақсартады. Әсіресе қазіргі таңда телефон мен компьютерді ұзақ қолдану балалардың денсаулығына кері әсерін тигізуде. Сондықтан ата-аналар экран уақытын бақылап, баланы белсенді қозғалысқа бағыттауы қажет.

Бала денсаулығына психологиялық ахуалдың да әсері зор. Отбасындағы мейірімділік, сыйластық, тыныш қарым-қатынас баланың көңіл күйін көтеріп, өзіне деген сенімін арттырады. Ал ұрыс-керіс, қатты дауыс, немқұрайдылық бала психикасына теріс әсер етеді. Сол себепті ата-ана баламен жиі сөйлесіп, оның ойын тыңдап, қолдау көрсетіп отыруы қажет.

Гигиеналық дағдыларды қалыптастыру да отбасының міндетіне жатады. Баланы тазалық сақтауға, қол жууға, тісті күтуге, киімді ұқыпты ұстауға үйрету – денсаулықты сақтаудың негізгі жолдарының бірі. Бұл әдеттер бала бойында ерте жастан қалыптасуы керек.

Қорытындылай келе, бала денсаулығын сақтау – отбасының басты міндеттерінің бірі. Денсаулығы мықты бала – елдің болашағы. Сондықтан әрбір ата-ана баласының дұрыс өсіп-жетілуіне, денсаулығының нығаюына жауапкершілікпен қарауы тиіс. Отбасындағы дұрыс тәрбие мен қамқорлық баланың жарқын болашағына жол ашады.

